

Халел Мұхаметжанұлы ӘДІЛГЕРЕЕВ

Белгілі ғалым, ҚазКСР-да жоғары тарихи білім мен ғылымының қалыптасуын ұйымдастырушылардың бірі. Ұлы Отан соғысының қатысушысы (1942-1946). «Қызыл жұлдыз», «Отан соғысы», «Жауынгерлік Қызыл Ту» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Орал педагогикалық техникумын «бастауыш мектеп мұғалімі» мамандығы бойынша (1929), Шығыс педагогикалық институтын әдебиет бөлімі бойынша (1932), аспирантураны «КСРО тарихы» мамандығы бойынша (1932-1934) бітірген. 1934-1974 жылдары Абай атындағы ҚазПИ педагогикалық қызмет атқарды, осында доцент, кейін тарих факультетінің бірінші деканы болды, 1941-1942 жылдары ректоры қызметін атқарды.

Ғалым ретінде ол тарихымыздың ең бір күрделі мәселесі – Қазақ халқының қалыптасу кезеңін зерттеумен айналысты, сондай-ақ Шоқан Уәлихановтың қызметі мен өмірін, халқымыздың осы көрнекті өкілінің шығармашылық жолына қатысты жаңа проблемаларды мәселе етіп көтерді. Қазақ КСР Ғылым академиясы жанынан оның бастамасымен «Шоқантану» тобы құрылып, одан кейін Ш.Уәлихановтың өмірі мен еңбектерін зерттеу Қазақстанның тарих ғылымының маңызды бөліміне айналды. Х. Әділгереев Қазақ КСР тарихы бойынша кандидаттық диссертация қорғады және тарих ғылымдары саласында кандидаттық дәреже алған алғашқы қазақ болды. Оның ғылыми жетекшілігімен 12 кандидаттық және 3 докторлық диссертация қорғалды. Ондаған ғылыми мақалалар жариялады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы – «Қазақ халқының білім беру тарихына» тақырыбындағы еңбегін атап өтуге болады. Ол Қазақстанның тарих ғылымы мен жоғары білімінің дамуына зор үлес қосты.